

Орталық Азия елдері

Өзбекстан



Дайындаған: Ахметжанова
Сабина



Өзбекстан Республикасы

Орталық Азияда орналасқан мемлекет. 1992 жылы 8 желтоқсанда қабылданған конституциясы бойынша – президенттік басқару нысанындағы зайырлы мемлекет. Президент 5 жылға сайланады. Жоғары заң шығарушы органы (Олий Мажлис) – қос палаталы парламент заң шығарушы палата (төменгі палата) және Сенаттан (жоғарғы палата) тұрады. Атқарушы органы – Министрлік Кабинет. Әкімшілігі жағынан бір автономиялық республикаға (қ. Қарақалпақстан) және 12 облысқа бөлінеді.



Мемлекеттік рәміздер:

Ту



Елтаңба



**Жалпы
анықтамасы:**

**ЖЕР АУДАНЫ: 447 400 КМ² (ӘЛЕМ
БОЙЫНША 56-ШЫ ОРЫН)
ХАЛҚЫ: 33 254 100 (2019 Ж.) (ӘЛЕМ
БОЙЫНША 51-ШЫ ОРЫН)
ТЫҒЫЗДЫҒЫ: 74,1 АДАМ/КМ²
АСТАНАСЫ: ТАШКЕНТ
МЕМЛЕКЕТТІК ҚҰРЫЛЫМЫ:
РЕСПУБЛИКА
МЕМЛЕКЕТ БАСШЫСЫ: ПРЕЗИДЕНТ
ЗАҢ ШЫҒАРУШЫ ОРГАНЫ:
ПАРЛАМЕНТ
РЕСМИ ТІЛІ: ӨЗБЕК ТІЛІ
ҰЛТТЫҚ ВАЛЮТАСЫ: СУМ
ТӘУЕЛСІЗДІК КҮНІ: 31 ТАМЫЗ 1991
ЖЫЛ**



Өзбекстанмен шекараласатын мемлекеттер:

- Қазақстан
- Қырғызстан
- Түрікменстан
- Тәджікістан
- Ауғанстан





Табиғаты

- Өзбекстан өңірі жер бедері жөнінен солт.-батыс жазық және оңтүстік-шығыс таулы бөліктерге бөлінеді.
- Жер қойнауы пайдалы қазындыларға бай. Қаратау-Нарын белдеуінен сирек металл, темір кен тасы, полиметалл, қорғасын-мырыш, Белтау-Құрамадан мыс (Қалмақыр, Сарычек кендері), Түркістан-Алайдан графит-никель-кобальт (Тасқазған) кен орындары ашылған. Өзбекстан аумағы Орталық Азиядағы ірі мұнайлы-газды аймақ саналады. Оңтүстік Ферғанада күкірт және озокерит (Шорсу), Гиссар жотасында карнолит, сильвинит, тас тұзы, Сұлтануиздат тауында фосфорит бары анықталды.



- Климаты тым континенттік, қуаң. Жазы ыстық, шілденің орташа температурасы солтүстік-батыс бөлігінде 33 – 38°C, оңт-нде 25 – 30°C. Қысы жылы, қар жұқа түседі. Қаңтарда 6,3°C, оңт-нде 3°C болады. Жылдық жауын-шашынның мөлшері әр қилы, кей шөлді өңірлерде 100 мм, кей жерлерде 200 – 400 мм, тау бөктерлерінде 900 мм. Өзендерінің көпшілігі Арал теңізінің алабына жатады. Ірі өзендері – Өмудария, Сырдария, Зеравшан, Қашқадария. Жер суару және суландыру жүйесі өте жақсы дамыған. Жері негізінен сары және сары қоңыр топырақты; батыс және солтүстік жағы құм-шағылды келеді. Республика жерінің көпшілік бөлігінде қуаңшылыққа төзімді өсімдіктер мен жануарлар дүниесі тіршілік етеді.



Среднегодовая температура в Ташкенте (С°)

	ЯНВ	ФЕВ	МАР	АПР	МАЙ	ИЮН	ИЮЛ	АВГ	СЕН	ОКТ	НОЯ	ДЕК
днем	+7	+6	+15	+23	+29	+35	+37	+36	+30	+22	+13	+7
ночью	0	+1	+8	+15	+20	+26	+28	+26	+21	+14	+6	0

Халқы

- 2008жылдың ортасына қарай республика халқының саны 27 млн адамға жетті. Өзбекстанға халықтың ұдайы өсудің дәстүрлі типі тән, яғни халық саны табиғи өсу есебінен артады. Табиғи өсу жылына 1,7% шамасында, бұл ТМД елдері арасындағы екінші көрсеткіш болып табылады. Туу көрсеткіші 1000адамға шаққанда 24, ал өлім 7 адамды құрайды. Ел тұрғындарының өмір жасының ұзақтығы -64жас.
- Өзбекстан-көпұлтты республика, мұнда 120-дан ұлттар мен ұлыстардың өкілдері тұрады. Табиғи өсудің жоғары болуы себепті және басқа ұлттардың(әсіресе орыстардың) республика аумағынан тыс жерлерге қоныс аударуына байланысты өзбек халқының саны артып келеді. Қазіргі кезде өзбектер ел халқының 3/4 бөлігін құрайды. Олардан басқа орыстардың 7,4% тәжіктердің 4,7%, қазақтардың 4,1% үлесі біршама. 2001 жылдың өзінде Өзбекстаннан Қазақстанға 15 861 адам қоныс аударды, олардың негізгі бөлігін тарихи отанына оралған қазақ халқының өкілдері құрайды.






Регистан

(узб. Registon; рег — қум, стан — жер; қумды жер) - Самарқандтың орталығында орналасқан. Сол жағындағы Ұлықбек медресесі (1417-1420), оң жақта Шердор медресесі (1619-1636) және ортадағысы Тилля-Кари (1646-1660). Үш медресе үйлесімі өте әдемі көрінеді. Ислам архитектурасының айқын көрінісі. 2001 ж ЮНЕСКО-ң әлемдік мұрасы тізіміне кірген.






Ұлықбек медресі

Ең көнесі. Ешқандай технология болмаған заманда 3 жылда тұрғызылғаны таң қалдырарлық. Оны жүзеге асырған астроном ғалым Ұлықбек. Медресеге қарама-қарсы Ұлықбек ханакасы және шығыс жағына керуен сарайы салынған. Ол екеуі шамамен 200 жылдай ғана тұрған екен. Кейін олардың орындарына бүгінге дейін тұрған Шердор мен Тилля-Кари медреселері салынған. XV ғ мұсылмандық батыстың ең мықты рухани университеті болған. Оқу орталығында математика, геометрия, логика, негізгі ғылым, адам туралы, оның жаны, рухани ахуалі және теология бойынша лекциялар оқылған.







Шердор медресесі


• Ұлықбек ханакасының орнына салынған. "Жолбарыстары бар медресе", "Арыстандар отаны" деп аталады. Ұлықбек медресесінің қарама-қарсысында тұрған айнасы сияқты қылып салған. Айырмашылығын күмбезінің үлкендігі білдіріп тұрады. Медресе қабырғаларында Құран аяттары жазылған. Алдында Самарқандтың елтаңбасы-арқасында күні бар барыстар, жоғарыда дәл ортасында ерекше араб шрифтіде "Аллаху Акбар" деп жазылып тұр.



Тилля-Кари медресесі

Шердордан 10 жылдан кейін керуен сарайының орнына тұрғызылған. Ғимарат симметриялық. Орталық порталы және екі жақтық фронтальды қанаттардан және екі жақ бұрыштарынан мұнаралар тұрады. Интерьер декорациясында алтын түс қолданылғаны үшін "Алтынмен жасалынған" деп те аталады. Михраб, Минбар, қабырғаларының беткейлері алтынмен қапталған. Тарихы бойынша медресе тек студенттер оқитын орын ғана емес мешіт ретінде де қолданылған.





**Әмір Темір
атындағы
мұражай,
Ташкент,
Өзбекстан**
















The image shows three flags on a floral arrangement. From left to right: the flag of Kazakhstan (light blue with a yellow sun and eagle), the flag of Turkmenistan (green, white, and blue with a crescent and stars), and the flag of Uzbekistan (blue, white, and green with a crescent and stars). The flags are set against a dark background and surrounded by yellow and white flowers. The text "Назарларыңызға көп рахмет!" is overlaid in white on the image.

**Назарларыңызға көп
рахмет!**